




2016ж. қаңтар-мамыр

ҚР Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына қысқаша шолу**Негізгі түйіндер****2016ж. қаңтар-мамырында қысқа мерзімді экономикалық индикатор төмендеді**

2016ж. қаңтар-мамырында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 1,0%-ға төмендеді. Өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы, саудада және байланыста көлемдердің қысқаруы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуіне себепші болды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ЖІӨ-дегі үлесі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар**1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер**

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-мамыр	2016ж. мамыр	% -бен		2016ж. мамыр 2016ж. сәуіріне
					2015ж. қаңтар-мамырына	2015ж. мамырына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ЖІӨ (2016ж. 1 тоқ. үшін алдын-ала деректер)	млрд.теңге	9 304.5		99,8*		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	6 941.8	1 472.7	97.8	94.7	97.5
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	590.2	146.0	102.7	102.9	120.8
4	Құрылыс	млрд.теңге	733.5	263.3	106.8	107.3	143.8
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	199.0	41.3	100.6	101.2	106.3
6	Байланыс	млрд.теңге	274.1	55.0	95.4	94.9	102.9
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	2 709.5	613.6	98.7	102.2	108.8
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	2 287.2	605.5	110.8	100.2	115.3
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			115.7	116.7	100.5
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4.9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге	133.9	134.0	111.8	109.3	97.8
12	Нақты жалақы индексі**	%				93.7	97.3

* - Деректер 2016ж. 1 тоқ. үшін көрсетілген

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-сәуір	2016ж. сәуір	% -бен		2016ж. сәуір %-бен 2016ж. наурызына
					2015ж. қаңтар-сәуіріне	2015ж. сәуіріне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	18.2	4.8	70.2	70.9	103.2
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	11.0	2.7	68.8	68.9	102.1
1.2.	- импорт	млрд. долл.	7.2	2.0	72.3	73.8	104.7
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс**	мың теңге	284.6	72.5	113.3	109.3	100.8

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік Статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

** - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2016ж. қаңтар-мамырында өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлікте өсудің жалғасуы байқалды. Сонымен қатар негізгі капиталға инвестициялар өсті.

Оң үдерістер

р/с №	2016ж. қаңтар-мамыр %-бен 2015ж. қаңтар-мамырына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-сәуір %-бен 2015ж. қаңтар-сәуіріне
1. ЖІӨ (2016ж. 1 тоқ. үшін алдын-ала деректер)	99,8*	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу*	
2. Өңдеу саласы	100.5	металлургия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерін өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100.4
3. Ауылшаруашылығы	102.7	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	102.6
4. Құрылыс	106.8	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	106.3
5. Көлік (жүк айналымы)	100.6	құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100.5
6. Негізгі капиталға инвестициялар	110.8	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	114.9

* - Деректер 2016ж. 1 тоқ. үшін көрсетілген

2016 ж. қаңтар-мамырында өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Саудада бөлшек сауда мен көтерме сауда көлемдерінің қысқаруы есебінен төмендеу орын алды. Экспорт пен импорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.

Теріс өзгерістер

р/с №	2016ж. қаңтар-мамыр %-бен 2015ж. қаңтар-мамырына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-сәуір %-бен 2015ж. қаңтар-сәуіріне
7. Өнеркәсіп	97.8	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	98.6
7.1 Тау-кен өндіру саласы	95.7	шикі мұнай өндірудің төмендеуі	97.3
8. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	98.7	саудамен айналысатын кәсіпорындармен және дара кәсіпкерлермен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	97.7
9. Байланыс	95.4	мобильді байланыс, қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтерінен түскен кірістердің төмендеуі	95.5
10. Инфляция	115.7	тауарлар мен қызметтер топтарының барлығына бағалардың өсуі	115.4
11. Сыртқы сауда айналымы*	70.2	экспорт пен импорттың төмендеуі	70.0
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	68.8	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	69.1
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	72.3	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	71.6

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2016ж. қаңтар-сәуірі 2015ж. қаңтар-сәуіріне %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2016ж. қаңтар-наурыз 2015ж. қаңтар-наурызға %-дық есеппен келтірілген.




Жалпы ішкі өнім

1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ 0,2%-ға төмендеді

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, 2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ 2015ж. 1 тоқ. салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,2%-ға төмендеп, 9,3 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,1%-ға өсіп, ал қызметтер өндіру 0,2%-ға төмендеді. 2015ж. 1 тоқ. шаққанда қызметтер өндіруінің НКІ-і 99,8%-ды құрады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 58,3%-ға дейін өсті.



2016ж. 1 тоқ. құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар салалары ЖІӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Сауда көлемдерінің қысқаруы мен тау-кен саласындағы төмендеу есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы ЖІӨ-іне теріс әсерін тигізді.

1.4. Өндіріс әдісімен ЖІӨ дефляторлары

2016ж. 1 тоқ. үшін ЖІӨ дефляторы 110,0%-ды құрады (2015ж. 1 тоқ. - 101,6%).

Тауарларды өндірудің - 107,5%, (2015ж. 1 тоқ. - 96,1%), соның ішінде кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазудың дефляторы - 101,8%, ауыл, орман және балық шаруашылығы - 104,6%, құрылыс - 100,8%, өңдеу өнеркәсібі - 116,8%.


Қызметтер өндірудің дефляторы - 110,5% (2015ж. 1 тоқ. - 112,5%). Қызметтер өндірудегі бағалардың өсуі келесі салаларда дефляторлардың өсуімен қамтамасыз етілген: көтерме және бөлшек сауда - 112,5%, көлік және қоймалау - 108,5%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар - 107,2%, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет - 105,9%, қаржы және сақтандыру қызметі - 135,0%.



1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2016ж. 1 тоқ. қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2016ж. 1 тоқ. ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2015ж. 1 тоқ. қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,5%-ға өсу). Қырғызстан, Беларусь, Өзірбайжан мен Ресейде 2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ-нің сәйкесінше, 4,9%, 3,6%, 3,5% және 1,2%-ға төмендеуі байқалды.



1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


Мұнайдың бағасы

Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 27,0%-ға төмендеп, 2016ж. мамырда 47,1\$ құрады*. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2016ж. қаңтар-мамырында 2015ж. қаңтар-мамырымен салыстырғанда нақты көрсеткіште 4,3%-ға төмендеді. Алайда ақшалай көрсеткіште өндіріс көлемдері 16,4%-ға өсті, бұған теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуі себепші болды.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2016ж. мамырында оның үлесі сәйкесінше 39,5%-ға тең болды.

2016ж. қаңтар-мамырында өңделмеген мұнайды өндірудің көлемдері (НКИ) 2015ж. қаңтар-мамырымен салыстырғанда 4,4%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтар-мамырында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2015ж. қаңтар-мамырына қарағанда 2,8%-ға төмендеді. 2016ж. мамырында мұнайдың бағасы өткен айға қарағанда 5,9%-ға өсті. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2016ж. сәуірімен салыстырғанда 4,4%-ға төмендеді**.



*- <http://econ.worldbank.org>

** - <http://stat.gov.kz>: 2016ж. қаңтар-мамырдағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

Сыртқы сұраныс

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-сәуірінде ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 46,4%-ға тең болды), Қытайға (12,8%) және Ресейге (9,6%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. 1 тоқ. ЕО ЖІӨ (28) 1,7%-ға өсті, Қытайда ЖІӨ-нің өсуі 6,7%-ға тең болды, ал Ресейде ЖІӨ 1,2%-ға төмендеді.

Сыртқы сауда айналымы


2016ж. қаңтар-сәуір

2016ж. қаңтар-сәуірінде сыртқы сауда айналымы 29,8%-ға төмендеді (экспорт 31,2%-ға, импорт - 27,7%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2016ж. қаңтар-сәуірінде - 63,7%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (37,7%) басымдыққа ие.

Экспорттың қысқаруына келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: минералды өнімдер - 42,1%-ға, басқа тауарлар - 24,4%-ға.

2016ж. қаңтар-сәуірінде барлық тауарлар топтары бойынша импорттың қысқаруы байқалды. Импорттың қысқаруына елеулі үлесін 36,3%-ға немесе 1,5 млрд \$ мөлшерінде төмендеген машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аппараттар мен аппараттар енгізді.




Экономикадағы ақша ұсынысы

Несиелер бойынша берешек*

2016ж. мамырдың аяғында жыл басымен салыстырғанда несие көлемдері 1,9%-ға төмендеді

2016ж. мамырдың аяғында экономикаға берілген несие көлемдерінің өткен айға өсуі 0,9%-ды құрады. 2016ж. мамырында жаңа несиелерді берудің көлемі өткен айға қарағанда 16,7%-ға төмендеді (2015ж. мамырымен салыстырғанда 3,1%-ға өсу).

2016ж. мамырдың аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикаға берілген несиелердің көлемі 3,0%-ға ұлғайып, 12,4 трлн теңгені құрады. 2016ж. мамырдың аяғына қатысты, несие көлемдері, көрсетілген кезеңде несиелендіру сәйкесінше 8,2%-ға төмендеген құрылыстан басқа, экономиканың барлық салаларында ұлғайды.



* - кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, жеке қызмет




2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-мамырда өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 2,2%-ға азайды (2016ж. қаңтар-сәуірде 1,4%-ға азаю, 2015ж. қаңтар-мамырда - 0,5%-ға ұлғаю). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы түрткі болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-мамырда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 4,3%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-сәуірде - 2,7%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-мамырда - 1,0%-ға ұлғаю). Есепті кезеңде мұнай (4,4%), көмір және лигнит (10,5%) және темір кендерін (23,1%) өндіру төмендеді. Табиғи газ мен түсті металл кендерін өндіру көлемдері ұлғайды (сәйкесінше 6,2% бен 9,6%-ға).



Өңдеу - өндіріс көлемдеріндегі өсудің жалғасуы


2016ж. қаңтар-мамырда сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,5%-ды құрды (2016ж. қаңтар-сәуірде - 0,4%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-мамырда 0,2%-ға өсу). Металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 8,0%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-мамырда өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 44,6%-ды құрады), соның ішінде асыл және түсті металдар өндірісінің өсуі 12,4%-ды құрады. Тамақ өнімдеріндегі өндіріс көлемдерінің ұлғаю 3,1%-ды құрады (2016ж. қаңтар-мамырда өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 17,3%-ды құрады).



2.2. Құрылыс

Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-мамырда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,8%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 92,1% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 10,8%-ға ұлғайды. Алайда 2016ж. қаңтар-мамырында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөнделу жұмыстарының көлемі сәйкесінше, 23,1% бен 26,6%-ға төмендеді.






2.3. Ауылшаруашылығы

Мал шаруашылығындағы өнім көлемдері өсуінің жалғасуы

Ауылшаруашылығы секторы 2016ж. қаңтар-мамырында 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,7%-ға өсті (2016ж. қаңтар-сәуірде - 2,6%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-мамырда - 2,7%-ға өсу), бұның ішінде мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,7%-ға ұлғайды, өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері өзгерген жоқ.




Қызметтер өндіру

2.4. Бөлшек сауда

Бөлшек тауар айналымының төмендеуі


2016ж. қаңтар-мамырда бөлшек тауар айналымының көлемдері 2015ж. қаңтар-мамырымен салыстырғанда 1,3%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-сәуірде - 2,3%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-мамырда - 2,9%-ға өсу). Саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатуағы көлемдерінің 1,2%-ға, дара кәсіпкерлердің бөлшек сатуағы көлемдерінің 1,3%-ға төмендеуі байқалды (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі сәйкесінше, 54,1% және 45,9%).



2.5. Көлік (жүк айналымы)

Жүк айналымының ұлғаюуы


2016ж. қаңтар-мамырда көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2015ж. қаңтар-мамырымен салыстырғанда 0,6%-ға ұлғайды, бұл құбыр көлігіндегі жүк ағынының 4,8%-ға артуы себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 25,3%).



2.6. Байланыс

Қызметтер көлемінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-мамырда байланыс қызметіндегі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,6%-ды құрады (2016ж. қаңтар-сәуірде - 4,5%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-мамырда - 4,8%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 31,5% болатын мобильді байланыстан түскен кірістердің 19,5%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 5,0% болатын қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтері көлемдерінің 24,9%-ға төмендеуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляцияның өсуі

2016ж. қаңтар-мамырда инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,7%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. Айлық инфляция 0,5%-ды құрады, 2016ж. мамырында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,4%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 0,7%-ға, ақылы қызметтер 0,5%-ға өсті.



4. Инвестициялар


4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2016ж. қаңтар-мамырда инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,8%-ды құрады (2016ж. қаңтар-сәуірде - 14,9%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-мамырда - 3,9%-ға өсу). Негізгі көз - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, инвестициялардағы бұлардың үлесі 61,1%-ды құрады.

2016ж. қаңтар-мамырда инвестициялардың өсуіне қаржыландыру көздері бойынша негізгі үлесін меншікті қаражат (14,8%-ға өсу) және басқа да қарыз қаражаты (27,3%-ға өсу) есебінен инвестицияларды қаржыландырудың ұлғаюы енгізді.

Инвестициялардың өсуіне пайдалану бағыттары бойынша негізгі үлесін өнеркәсіп (15,5%-ға өсу) пен жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (5,0%-ға өсу) енгізді.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздар санының төмендеуі

Жұмыссыздық деңгейі 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2016ж. мамырда 2015ж. мамырымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 0,1%-ға, ал жұмыссыздар саны 2,7%-ға қысқарды. Жұмыссыздық 4,9% деңгейінде қалды.



5.2. Жалақы және халықтың кірістері

Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-мамырында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтар-мамырымен салыстырғанда 11,8%-ды құрады, нақты жалақы 2015ж. мамырына қарағанда 6,3%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігуге қалыптыстырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. сәуірде 6,0%-ға төмендеуді көрсетті.

